

Бекітемін:
«Құралай апа» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: А.Таженова



2024 – 2025 оқу жылының өндірістік кеңес жоспары мен хатамалары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Өндірістік жиналыс №1 1. Бала өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқау жүргізу. 2. Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік көрмесі (ашылмалы папкалар т.б) 3. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шұғыл тексеру)	Қазан	Әдіскер Ж.Бердалиева Шаруашылық меңгерушісі: Ж.Алипбаева
2	Өндірістік жиналыс №2 Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Тәжірибелік сабақ «Өрт қауіпсіздігі ережелері»жөнінде жауаптыларды бекіту. 2. Оперативті тексеру қорытындысы . Балалардың дұрыс тамақтаныуын ұйымдастыруда тамақ қалдықтарының болмауы .Дөңгелек үстел.	Қаңтар	Әдіскер Ж.Бердалиева Шаруашылық меңгерушісі: Ж.Алипбаева
3	Өндірістік хаттама №3 Күн тәртібіндегі мәселелер. 1. Медқызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының қорытындысы. 2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шұғыл тексеру) 3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.	Наурыз	Әдіскер Ж.Бердалиева Шаруашылық меңгерушісі: Ж.Алипбаева
4	Өндірістік хаттама №4 Күн тәртібінде:	Мамыр	Әдіскер Ж.Бердалиева Шаруашылық

	1. Жедел тексеру. Еңбек қызметтерін ұйымдастыру (Барлық топтар) 2. Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының өткізілуін тексеру қорытындысы		меңгерушісі: Ж.Алипбаева
--	---	--	-------------------------------------

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.1 .Бала өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқау жүргізу.

2.Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік көрмесі (ашылмалы папкалар т.б)

3. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шұғыл тексеру)

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Таженова ұжым қызметкерлерімен нұсқаулық жүргізді. Онда балаларды топта немесе бақша учаскесінде еш караусыз қалдырмау, Бала бақша аумағынан тыс жерге серуенге шығар алдында меңгерушіден рұқсат алу керектігі айтылды. Баланы жарақат алудан сақтау үшін жол ережесін,өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау керектігіне үйрету керек екендігі туралы айтылды. Техникалық журналдарды жүргізу, ұзартқыш арқылы пайдаланбау,бос электр нүктелеріне бекіткіштер қою керектігі айтылды .Жарақаттану мен оқыс жағдай алмау үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауды қатаң сақтау,жарақат қаупі бар жерлердегі жағдайлардың алдын алу,жұмысқа жаңадан қабылданғандар мен лауазымын өзгерткендер білімін тексеруден өткізетіндігін айтты.

Тәрбиешілер серуенді ұйымдастыру кезінде жыл мезгілі ерекшеліктерін үнемі есте сақтау керек екендігі ескертіліп айтылды.

Қауіпсіздік бойынша әр бір педагог курс өтіп сертификаттануы қажет екендігі айтылды. Өрт қауіпсіздігі, терорлық қауіпсіздік , жалпы азаматтық қорғаныс бойынша жауапты адам бекітіп, бұйрық шығарылды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға арналған. Бұрыштар, стендтерді безендіруді педкадрларға қатаң тапсырды. Ата-аналар консультативтік пунктте қажетті кеңес алу қажет екендігі сұраныстарын қанағаттанарлықтай жауап беріп, кеңес беру керек екенлігі айтылып, ата –ана консультативті пункте жұмыс істеу кестесін құрып бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша медбике ас блогының санитарлық талапқа ішінара сай екендігін айтты ыдыстарды үнемі 45-60градус ыстық суда жулу керектігі және ю59 СанПин бұйрығы бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын атап айтты. өнімді өз мукамасы мен пайдалану керектігіне және таңбаланған орнында сақтау керектігін айтты.

Ыдыстарды жуу техникасын өте қатты қадағалады. Газ плитасы мен
кафельдерді күнделікті тазалаудың қажеттілігін айтты.


Шешімі:

1. Бала өмірін қорғау бойынша қауіпсіздік шарасы баса назарда
ұсталсын.

Азаматтық қорғаныс бойынша жауапты Ж. Бердалиева өз кезегінде іс
шаралар атқарылсын.

2. СанПин талаптары орындалсын, бақылау Медбике А.Ізтілеуге
жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Жиналыс хатшысы:



С.Турусова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Тәжірибелік сабақ «Өрт қауіпсіздігі ережелері» жөнінде жауаптыларды бекіту.
2. Оперативті тексеру қорытындысы . Балалардың дұрыс тамақтаныуын ұйымдастыруда тамақ қалдықтарының болмауы .Дөңгелек үстел.

Бірінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Таженова жауаптыларды бекітті.Өрт қауіпсіздігі бойынша шараларды ұйымдастыру мен бақылауды жүзеге асыратын жауаптылар бекітілді:

Өрт қауіпсіздігі бойынша жауапты: Алипбаев Н.

Қауіпсіздік шараларын бақылаушы: Алипбаев Н.

Балаларды эвакуациялау бойынша : Алипбаев Н.

Жауаптыларға өрт қауіпсіздігі ережелерін үнемі қадағалап, балалармен арнайы жаттығулар өткізу міндеті жүктелді.

Жауапты маман Н. Алипбаев ЖШС «Құралай апа» мекемесінде «Өрт қауіпсіздігі ережелері» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізілгенін, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, өрт шыққан жағдайда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы түсіндірме жүргізілгенін айтты.

Тәжірибелік сабақ барысында өрт қауіпсіздігі ережелерінің балаларға түсінікті және қолжетімді болуы қамтамасыз етілгенін. Өрт жағдайында балалардың қауіпсіздігін сақтау үшін қажетті шаралар атқарылды және болашақта мұндай жаттығуларды жүйелі түрде өткізу жоспарланғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша Ж.Бердалиева балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша оперативті тексеру жүргізілгенін айтты. Бұл тексеру балалардың тамақтану барысында санитарлық талаптардың сақталуын, тамақ қалдықтарының болмауын және дөңгелек үстел форматында балалардың тамақтану сапасын талқылауды қамтыды деді.

Тексеру нәтижелері бойынша Тамақтанудың ұйымдастырылуы Балаларға арналған тамақтың құрамы, санын анықтаудағы ережелер мен стандарттарға сәйкес келеді.,Тамақтану барысында балалардың мәзіріне қажетті дәрумендер мен минералдардың бар болуы қамтамасыз етілген деді.Тамақ қалдықтарының болмауы бойынша Балалардың тамақтану мәдениетін арттыру, қажетті мөлшерде тағамды тұтыну дағдыларын

қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тамақ қалдықтары айтарлықтай төмендегенін айтты. Тексеру қорытындысы бойынша педагогтар, медбике және асхана қызметкерлері арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде балалардың тамақтануын жақсарту, ас мәзірін жетілдіру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері талқыланды. Қатысушылар пікір алмасып, балалардың дұрыс тамақтануына қатысты өз ұсыныстарын ұсынғандығын айтты.

Шешім:

Балаларға берілетін тағамның калориялық құрамын, сапасын одан әрі жақсарту үшін арнайы диетологтың көмегімен мәзірді қайта қарастыру.

Балалардың тамақ қалдықтарын азайту мақсатында тәрбиешілер мен асхана қызметкерлерінің тығыз ынтымақтастығын одан әрі нығайту.

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Жиналыс хатшысы:



С.Турусова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Медқызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының қорытындысы.
2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру. (шұғыл тексеру)
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Медқызметкердің жарты жылдық жұмыс қорытындысы

Баяндамашы: Медбике А.Ізтілеу Жарты жыл ішінде балалардың денсаулығы бақылауда ұсталды. Таңертеңгі фильтрлер күнделікті жүргізілді. Ата-аналарға жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша кеңес беріліп отырды. Балалардың бойы мен салмағы тіркеліп, жас ерекшеліктеріне сай талдау жасалды.

Сондай-ақ, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша тәрбиешілерге нұсқаулық жүргізілді. ЖРВИ, тұмау, ішек аурулары бойынша алдын алу шаралары жасалды деді. Балалардың антропометриялық өлшеу кезінде бойы өсіп, салмақ қосқандарын айттып өтті. Бақшада күн тәртібі ретімен сақталатынын, үнемі шынықтыру, сауықтыру шаралары жүріп тұратынын айтып өтті. Әр 2 айда спорттық сайыстар өткізілгенін, балалардың қатысуы жоғарылағанын айтып өтті. Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толықтырылғанын, алма, банан, иогурт беріліп тұратынын айтты. Дене шынықтыру сабағын үнемі үздіксіз жүретіні де айтылды.

2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру)

Баяндамашы: Шаруашылық меңгерушісі және меңгеруші орынбасары Ас блогына шұғыл тексеріс барысында бірқатар кемшіліктер анықталды: Ыдыс-аяқтарды сақтау ережесінің бұзылуы, Тағам қалдықтарын уақытында шығару тәртібі сақталмаған, Тазалық журналдары толық толтырылмаған.

3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

Баяндамашы: Меңгеруші / Медбике А.Ізтілеу балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндет. Балабақшада өрт қауіпсіздігі, алғашқы көмек көрсету, жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша тәрбиешілерге, көмекші персоналға нұсқаулық жүргізілді.

Серуен кезінде, сабақ уақытында және демалыс сәттерінде қауіпсіздік шаралары күшейтілді деді.

Барлық күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтіліп, бақылау шаралары жалғастырылады.

Шешім:

Барлық қызметкерлерге қауіпсіздік нұсқаулықтарын қайта өткізу (қол
қойғызу арқылы)

Қауіпсіздік бұрыштарын барлық топтарда жаңарту

Ойын алаңдары мен жабдықтарын техникалық тексерістен өткізу

Ас блогының санитарлық жағдайын қатаң бақылау

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Жиналыс хатшысы:



С.Турусова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жедел тексеру. Еңбек қызметтерін ұйымдастыру (Барлық топтар)
2. Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының өткізілуін тексеру қорытындысы
3. Өз білімін көтеру нәтижелері.

Бірінші мәселе бойынша барлық топтағы балалардың өзі-өзіне қызмет етуін қадағаланды. Табиғат бұрышында, ас столын жасауда, Ұ.О.І.Ө-не кезекшілік қойылды. Балалардың жұмыс жасау кезінде қауіпсіздігіне, тазалығына назар аударылды. Серуен кезінде өз учаскелерін, ойын алаңдарын тас, ағаш, қағаз қалдығынан тазалау жолға қойылды. Тексеру қорытындысы бойынша кіші топ тәрбиешілеріне әдістемелік кеңес берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике А.Ізтілеу мен әдіскер Ж.Бердалиева тексеру қорытындысын айтып өтті. Әдіскер ұйымның алдында тұрған жауапты міндет-күрделі, өмірден өз орнын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу деді.

1. Сауықтыру жұмысының жүйелі өткізу:

-бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға жағдай жасау.

-бала өмірін қызықты мазмұнды ету

-дене және психикалық денсаулығын нығайту деді. Оқу жылында сауықтыру шынықтыру жоспары бойынша барлық шаралар өткізілгенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер тәрбиешілердің өз-білімін жетілдіру жұмыстарын тексеру қорытындысын айтып өтті. Баяндама тақырыбына сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуге кеңес берілді. Баяндама мазмұнына сай презентация жасау ұсынылды.

Шешімі:

1. Баланың жеке еңбек икемділігі дамытылсын.

2. Сауықтыру- шынықтыру шараларын өткізуді қадағалау медбикеге жүктелсін .


3. Тәрбиешілер өз білімін жетілдіру жұмысын толықтырылсын.

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Жиналыс хатшысы:



С.Турусова